

«DMAS» электрондық сауда-саттық платформасы қызметтерін пайдалану туралы шарт

Осы Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі нормаларына сәйкес «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-нің, БСН 040940002421 (бұдан әрі – Оператор) «DMAS» электрондық сауда-саттық платформасын пайдалану туралы Шартты (бұдан әрі – Шарт) тиісті талаптарда жасасуға арналған ресми ұсынысы (жария оферта) деп танылады.

Шарт Оператор мен сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы өзара қатынастардың жалпы және негізгі талаптарын реттейді, мұнда қатысушылар жария ұсынысты қабылдаған тарап ретінде Шарт талаптарын қабылдайды (бірлесіп – Тараптар).

Шарт «DMAS» электрондық сауда-саттық платформасында орналастырылады, сауда-саттыққа қатысушы акцепт жасаған сәттен бастап күшіне енеді және Оператор офертаны кері қайтарып алғанға дейін қолданылады. Шарт талаптарына өзгерістер енгізу немесе оны тоқтату туралы өзгерістер, егер өзге мерзім көрсетілмесе, олар жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес, Шарт талаптарын Акцепттеу (сөзсіз қабылдау) сауда-саттыққа қатысушы Платформадағы тиісті белгі қою арқылы Шарт талаптарымен келісімін растаған сәттен бастап жүзеге асқан және қабылданған болып саналады.

Сауда-саттыққа қатысушы Шартқа енгізілген өзгерістермен келіспеген жағдайда Платформаны пайдалануды тоқтатуға және бұл туралы Операторды хабардар етуге міндетті.

Терминдер

Шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған ұғымдар қолданылады, ал төменде берілген терминдер келесі мағынаны білдіреді:

- **Платформа** – <https://dmas.kz> интернет-ресурсында сауда-саттық өткізу үшін сауда-саттыққа қатысушыларға инфрақұрылым ұсынатын мамандандырылған «DMAS» электрондық сауда-саттық платформасы;

- **Шарт** – сатып алу-сату шарты және (немесе) банктік қарыз шарты мен микроқарыз беру шарты бойынша құқығынан (талап ету құқығынан) шегіну шарты;

- **Актив** – Қазақстан Республикасының «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Заңының 15-18-бабы 1-тармағында көзделген мүлік түрі және (немесе) құқығы (талап ету құқығы) (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң), Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Платформада сауда-саттыққа шығарылатын, атап айтқанда:

- 1) банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның, бас банктің төленуі күмәнді және қайтарылмайтын активтерін сатып алатын банк еншілес ұйымының Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңының 8-бабы 7-1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мүлкі (бұдан әрі – Банктер туралы заң);

- 2) микроқаржы ұйымының Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңының 3-бабы 7-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мүлкі (бұдан әрі – Микроқаржы қызметі туралы заң);

- 3) банктік қарыз шарты / микрокредит беру шарты бойынша құқығы (талап ету құқығы);

- Сауда-саттыққа қатысушы – екінші деңгейдегі банк (бұдан әрі – банк), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым, бас банктің төленуі күмәнді және қайтарылмайтын активтерін сатып алатын банк еншілес ұйымы, микроқаржы ұйымы;

ұйым, сондай-ақ «Банктер және банк қызметі туралы» Заңының 36-1-бабында және «Микроқаржы қызметі туралы» Заңының 9-1-бабында белгіленген шектеулер ескеріле отырып өзге де тұлға;

- **Сатып алушы** – «Сатып алушы» рөліне ие сауда-саттыққа қатысушы, оның ішінде сауда-саттыққа қатысуға өтінім беру арқылы Активті сатып алуды көздейтін әлеуетті сатып алушы;
- **Сатушы** – «Сатушы» рөлі бар сауда-саттыққа қатысушы;
- **Жеңімпаз** – сауда-саттық өткізу хаттамасында жеңімпаз ретінде тіркелген «Сатып алушы» рөліндегі сауда-саттыққа қатысушы;
- **Қызмет** – сауда-саттықты дайындау және өткізу, мәмілелер жасасу үшін Платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәмілелер шеңберінде қауіпсіздік, бейтараптық, құпиялылық және сәйкестік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында Оператор Платформа арқылы көрсететін сервистерге арналған қызмет;
- **Тіркеулік жазба** – сауда-саттыққа қатысушының Платформадағы жеке кабинеті, ол арқылы Қызметтерді алу үшін басқару функциялары қолжетімді болады;
- **Тіркеу** – тіркеулік жазбаны құру үшін сауда-саттыққа қатысушының Платформада тиісті нысандарды толтыру рәсімі; Тіркеу Платформадағы барлық кезеңдер сәтті өткен кезде ғана аяқталған болып есептеледі;
- **Авторизация** – тіркеулік жазбаға кіргеннен кейін сауда-саттыққа қатысушыға Шартқа сәйкес Платформада қолжетімді құқықтар мен рұқсаттарды беру процесі;
- **Хабарландыру** – Сатушының Платформада Активке қатысты сауда-саттық өткізу туралы жариялаған хабарламасы;
- **Серіктес** – Платформаның жұмыс істеуін / төлемдерді қабылдауды / өзектілігін / техникалық қолдауды және оның үздіксіз қызметін тиісті келісім негізінде қамтамасыз ететін заңды тұлға;
- **Оператор қағидалары** – Оператор бекіткен және Платформада орналастырылған «DMAS» электрондық сауда-саттық платформасын пайдалану қағидалары;
- **ЭЦҚ** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген электрондық цифрлық қолтаңба;
- **Баға ұсынысы** – сауда-саттық өткізу барысында ағымдағы бағаны өзгерту тәсілі, ол Сатып алушы сауда шарттарына сәйкес көрсеткен ақша сомасы түрінде білдіріледі;
- **Баға ұсынысын автоматты түрде беру функционалы** – Платформаның сауда-саттыққа қатысушы алдын ала белгілеген бастапқы құны, аукцион қадамы және ең жоғары баға шегі аясында баға ұсыныстарын автоматты түрде енгізуді қамтамасыз ететін функциясы;
- **Автоұзарту** – сатушы белгілеген аралық бойынша соңғы баға ұсынысы түскен сәттен бастап есептелетін, бағаны арттыру бойынша сауда-саттықтың аяқталу уақытын автоматты түрде ұзартуды қамтамасыз ететін Платформаның функционалы;
- **Келісім** – Қызметтерді көрсету мақсатында Операторға және (немесе) Серіктеске берілетін, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-қосымшаға сәйкес сауда-саттыққа қатысушының (жеке тұлғаның) дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімі;

Терминдер, қысқартулар және анықтамалар бас әріппен де, кіші әріппен де, кез келген сан мен септік түрінде қолданылуы мүмкін.

1. Жалпы ережелер

1.1. Шарттың мәні – Оператордың Қызметтер көрсетуі және Тараптардың Шартта көзделген талаптарда Платформаны пайдалану кезінде өзара іс-қимылы. Бұл ретте Оператор Платформада өткізілген сауда-саттық нәтижелері бойынша жасалатын Мәміленің тарапы емес.

2. Тіркеу және авторизация

- 2.1. Қызметтерді алу немесе Платформаның белгілі бір функционалына қол жеткізу үшін сауда-саттыққа қатысушы тіркелу немесе авторизациялау рәсімінен өтуге және Келісімге (қажет болған жағдайда) қол қоюға міндетті.
- 2.2. Тіркеу:
 - 2.2.1. Қызметтерді алу немесе Платформаның белгілі бір функционалына қол жеткізу үшін сауда-саттыққа қатысушы тіркеу немесе авторизация рәсімінен өтіп, (қажет болған жағдайда) Келісімге қол қоюы тиіс.
 - 2.2.2. Тіркеу кезінде сауда-саттыққа қатысушы ұсынылған нысандар бойынша шынайы және толық ақпарат береді және оны өзекті күйде ұстайды (тиісті түзетулерді дереу енгізе отырып).
 - 2.2.3. Бір реттік бірегей код жіберілген сәттен бастап 3 минут ішінде жарамды. Белгілі бір уақыт аралығында бірегей бір реттік кодтарды пайдалана отырып сауда-саттыққа қатысушыны тіркеу әрекеттерінің саны шектелуі мүмкін.
 - 2.2.4. Тіркеу сауда-саттыққа қатысушының бір телефон нөміріне бір рет қана жүзеге асырылады. Бұрын тіркеу кезінде көрсетілген телефон нөмірін пайдалана отырып жаңа тіркеулі жазбаны қайта тіркеуге жол берілмейді.
 - 2.2.5. Егер сауда-саттыққа қатысушы өзі туралы жалған ақпарат берсе немесе Операторда қатысушы ұсынған ақпараттың толық емес не дұрыс емес екеніне негіз болса, сондай-ақ қатысушы өзіне екі және одан да көп тіркеулі жазба құрған жағдайда, Оператор өз қалауы бойынша тіркеулі жазбаны бұғаттауға немесе жоюға және Платформаны пайдалану құқығын шектеуге, сондай-ақ мән-жайлар анықталғанға дейін Шарт бойынша міндеттемелерді тоқтата тұруға/тоқтатуға құқылы.
 - 2.2.6. Платформада тіркеуден кейін тіркеулі жазба құрылады.
- 2.3. Авторизация:
 - 2.3.1. Тіркелген сауда-саттыққа қатысушылар Платформаға кіру үшін авторизациядан өтуі тиіс.
 - 2.3.2. Авторизация сауда-саттыққа қатысушының электрондық поштасына жіберілетін бір реттік бірегей кодты пайдалану арқылы жүзеге асырылады.
 - 2.3.3. Авторизациядан өткен сауда-саттыққа қатысушыларға Платформаның қосымша функционалына қолжетімділік беріледі және сауда-саттыққа қатысушылар арасында және (немесе) Оператормен электрондық хабарламалар алмасу мүмкіндігі ұсынылады.
- 2.4. Келісімді беру:
 - 2.4.1. Сауда-саттыққа қатысушының Келісімі Шартты акцепттеу арқылы расталады және ол кері қайтарып алынғанға дейін қолданылады.
- 2.5. Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) пайдалана отырып авторизацияланған сауда-саттыққа қатысушы жасаған барлық әрекеттерді Тараптар оның ерік білдіруінің шынайы әрі дұрыс көрінісі ретінде таниды. Платформада рәсімделген мәмілелер сауда-саттыққа қатысушының өз қолымен қол қойылған құжатпен тең деп танылады.
- 2.6. Оператор сауда-саттыққа қатысушының тіркеулі жазбаға қол жеткізу тәртібі мен қауіпсіздік талаптарын бұзуынан туындауы мүмкін кез келген салдарлар үшін жауап бермейді.
- 2.7. Тіркеулі жазба Платформада қандай да бір негіз бойынша жойылғанына немесе Платформаны пайдалану тоқтатылғанына қарамастан, сауда-саттыққа қатысушының Оператор алдындағы барлық міндеттемелері, соның ішінде Платформа функционалы арқылы жасалған қолданыстағы сатып алулар, олар толық орындалғанға дейін сақталады, егер Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде мұндай міндеттемелерден тікелей босатпаса.
- 2.8. Сауда-саттыққа қатысушы тіркеулі жазбамен жұмыс істеу кезінде өз бетінше қамтамасыз етеді:

- 1) электрондық поштасына жіберілген бір реттік бірегей кодтың құпиялылығын;
- 2) тіркеулі жазбаға кіру деректерінің сақталуын;
- 3) Платформамен жұмыс сессиясы аяқталғаннан кейін жүйеден қауіпсіз шығуды;
- 4) тіркеулі жазбаны пайдалану арқылы рұқсатсыз (қатысушы рұқсат етпеген) қолжетімділік жағдайлары туралы және/немесе қол жеткізу деректерінің құпиялылығы бұзылған (күдік туған) кез келген жағдайлар туралы Операторды дереу хабардар етуді.

3. Активтерге қатысты хабарландыруларды жариялау тәртібі

3.1. Авторизациядан өткеннен кейін Сатушы Платформада қажетті атрибуттарды толтыру арқылы хабарландыруды жариялайды. Осы ретте Сатушы жалған немесе дұрыс емес деректер көрсетілген жағдайда барлық тәуекелді өз мойнына алады.

3.2. Сауда-саттық өткізу үшін Сатушы Платформада активтерге қатысты сатып алу-сату шартының жобасын (Қазақстан Республикасының Мемлекеттік реттеу туралы заңның 15-18-бабы 1-тармағы 1) және 2) тармақшаларында көзделген активтер бойынша) және (немесе) талап ету құқықтарын беру шартының жобасын (аталған баптың 3) және 4) тармақшаларында көзделген активтер бойынша) орналастырады. Бұл әрекет сауда-саттық өткізілетін күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жүзеге асырылады.

3.3. Сауда-саттық өткізу туралы хабарландыру келесі мәліметтерді қамтиды:

- 1) сауда-саттық өткізу тәсілі;
- 2) өткізілетін Актив түрі;
- 3) бастапқы баға және Актив сауда-саттықта сатылмайтын ең төменгі баға (бұдан әрі - резервтік баға);
- 4) сауда-саттықты өткізу күні мен уақыты (ЭСП-да орналастырылған күннен бастап кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын белгіленеді);
- 5) бағаны арттыру тәсілімен өткізілетін сауда-саттық кезінде автоұзартудың болуы;
- 6) Актив бойынша Сатушы ұсынатын құжаттардың тізбесі;
- 7) кепілдік жарнаның мөлшері, оны енгізу тәртібі мен мерзімі, Оператордың банктік деректемелері (БСК, ЖСК);
- 8) сауда-саттыққа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімдері (бұдан әрі – өтінім).

3.4. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген Активтерді Платформада сауда-саттық өткізу үшін орналастырғанға дейін Сатушы әрбір Актив бойынша Активке қатысты құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелерін енгізуді және келесі мәліметтерді қамтитын Активті сату туралы өтінімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

- тіркеуші орган берген Активтің тіркеу нөмірі;
- тіркеуші органның Активті тіркеу күні;
- Актив иесіне тиесілі ЖСН/БСН;
- Активтің атауы және орналасқан жері;
- Активтің техникалық сипаттамалары;
- Активтің фотосуреттері;
- сауда-саттық өткізу мақсаттары үшін өзге де қажетті мәліметтер;

3.5. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген Активтерді Платформада сауда-саттық өткізу үшін орналастырғанға дейін Сатушы әрбір Актив бойынша келесі мәліметтерді қамтитын Активті сату туралы өтінімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді:

- банктік қарыз шартының нөмірі мен жасалған күні, Банктер туралы заңның 50-бабы 4-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес келісім болған жағдайда және (немесе) микрокредит беру шартының нөмірі мен жасалған күні;

микрокредитке, Микроқаржы қызметі туралы Заңның 21-бабы 3-тармағына сәйкес келісім болған жағдайда;

- қарыз алушының ЖСН/БСН-і, «Банктер туралы» Заңның 50-бабы 4-тармағына және (немесе) «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 21-бабы 3-тармағына сәйкес келісім болған жағдайда;
- кредит берушіге тиесілі ЖСН/БСН;
- банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша құқықты (талап ету құқығын) беруді жүзеге асыратын тұлғаның ЖСН/БСН-і;
- банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша берешек мөлшері;
- банктік қарыз шарты және (немесе) микроқарыз беру шарты бойынша мерзімі өткен күндер саны (болған жағдайда);
- кепіл туралы ақпарат (болған жағдайда), оның ішінде кепіл нысанының атауы, орналасқан жері, кепіл нысаны иесінің ЖСН/БСН-і;
- сауда-саттық өткізу мақсаттары үшін өзге де қажетті мәліметтер.

3.6. Қалыптастырылған хабарландыру Оператор мақұлдағаннан кейін Платформада жарияланады.

3.7. Хабарландыру Платформада жарияланғаннан кейін Сатып алушылардың сауда-саттыққа қатысу процесі қолжетімді болады.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Оператор міндетті:

- 1) Платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ету, техникалық ақаулар туындаған жағдайда оның жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұл ретте Оператор үшінші тұлғалардың (байланыс, электр энергиясын жеткізушілер және т.б.) кінәсінен Платформаның үздіксіз жұмыс істеуіне кепілдік бермейді;
- 2) Платформада қамтылған ақпараттың, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалатын коммерциялық, банктік және өзге де құпия мәліметтердің жария етілуіне жол бермеу, заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда;
- 3) Платформада сауда-саттыққа қатысушылардың әрекеттерін есепке алу;
- 4) Қызметтерді пайдалану мәселелері бойынша сауда-саттыққа қатысушылардың және (немесе) өзге де тұлғалардың өтініштерін қарау.

4.2. Сатушы рөліндегі сауда-саттыққа қатысушы міндетті:

- 1) хабарландыруды қалыптастыру кезеңінде Актив туралы ақпаратты ашу деңгейін айқындай отырып, Актив туралы тиісті ақпарат ұсынуға;
- 2) Активтерге қатысты ақпаратта дербес деректер, банк құпиясы, микрокредит беру құпиясы және заңмен қорғалатын өзге де құпиялар (бұдан әрі – қорғалатын құпия) қамтылған жағдайда, басқа сауда-саттыққа қатысушылармен ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қоюды қамтамасыз етуге;
- 3) Платформа функционалында айқындалған көлемде және тәртіппен Активтер бойынша дұрыс мәліметтер толтыруға;
- 4) Актив туралы ақпарат алғаш жүктелген сәттен бастап Платформадағы ақпаратты жаңартып отыруға, сондай-ақ оның өзектілігін сақтау үшін барлық қажетті әрекеттерді қабылдауға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәмілені тиісінше ресімдеу бойынша әрекеттерді орындауға.

4.3. Сатып алушы рөліндегі сауда-саттыққа қатысушы міндетті:

- 1) Сатушы рөліндегі сауда-саттыққа қатысушымен ақпаратты жария етпеу туралы келісімге қол қоюға, оның ішінде сауда-саттыққа шығарылған Активтер туралы ақпаратта қорғалатын құпия қамтылған жағдайда;

- 2) Актив туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға және ондағы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етпеуге;
- 3) Сатушы айқындаған тәртіппен және мөлшерде кепілдік жарнаны сауда-саттық басталғанға дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын енгізуге;
- 4) сауда-саттық қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында және Оператор қағидаларында белгіленген тәртіппен Активті тиісінше сатып алу бойынша әрекеттерді орындауға.

4.4. Оператор құқылы:

- 1) Қызметтер көрсету шеңберінде Серіктесті тартуға;
- 2) қажет болған жағдайда Платформаның функционалын жетілдіруге және толықтыруға;
- 3) Шартқа өзгерістер енгізуге;
- 4) сауда-саттыққа қатысушылар жүргізетін әрекеттердің әрбір кезеңінде модерация жүргізуге;
- 5) сауда-саттыққа қатысушыдан тіркеу кезінде көрсетілген деректерді растауды, оның ішінде растайтын құжаттарды сұрату арқылы талап етуге.

4.5. Сауда-саттыққа қатысушы құқылы:

- 1) Шарт талаптарына сәйкес авторизациядан өткеннен кейін Платформаға қол жеткізуге;
- 2) Шарт талаптарына сәйкес сауда-саттыққа қатысуға;
- 3) Шарт талаптарына сәйкес мәмілені келісуге / оған өзгерістер енгізуге.

5. Сауда-саттықты өткізу тәртібі

- 5.1. Сауда-саттыққа қатысу үшін Сатып алушы өтінім береді және кепілдік жарна енгізеді.
- 5.2. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінім беруі хабарландыру орналастырылған күннен бастап жүзеге асырылады және сауда-саттық басталғанға дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу сауда-саттыққа қатысушының тікелей қатысуы арқылы не баға ұсынысын автоматты түрде беру функционалын пайдалану арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
- 5.3. Өтінім беру Сатып алушының кепілдік жарна енгізу және жеңімпаз деп танылған жағдайда Сатушымен мәміле жасасу ниетін білдіреді.
- 5.4. Сатып алушы бірнеше сауда-саттыққа қатысу ниетін білдірген жағдайда, ол әрбір сауда-саттық бойынша жеке өтінім беріп, әр өтінім үшін кепілдік жарна енгізуі қажет.
- 5.5. Сауда-саттыққа қатысушылардың өтінімдерін тексеру нәтижелері бойынша Сатушы Операторға және сауда-саттыққа қатысушыға өтінімді қабылдау туралы не Шарттың 5.6-тармағына сәйкес өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы хабарлама жібереді.
- 5.6. Өтінімді қабылдаудан бас тарту негіздері:
 - сауда-саттық басталған сәтте хабарландыруда көрсетілген кепілдік жарнаның Оператордың банктік шотына түспеуі;
 - сауда-саттыққа қатысушының мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 3-тармағына сәйкес келмеуі;
 - «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабына және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-1-бабына сәйкес әлеуетті сатып алушылардың бір-біріне қатысты үлестестігі.
- 5.7. Өтінімдерді тексеру нәтижелері бойынша Оператор сауда-саттыққа қатысушыға Платформада көрсетілген электрондық пошта мекенжайына өтінімді қабылдау туралы не себептері көрсетілген бас тарту туралы электрондық хабарлама жібереді.
- 5.8. Платформада Сатушы сауда-саттық әдісін дербес айқындайды. Сауда-саттық Оператор қағидаларында айқындалған тәртіппен Актив бағасын көтеру немесе төмендету әдісімен өткізіледі.
- 5.9. Сауда-саттық аяқталғаннан кейін Платформада автоматты режимде Жеңімпаз айқындалады. Жеңімпаз туралы хабарлама жеңімпазға жіберіледі, ал басқа барлық Сатып алушылар ұтылғаны туралы тиісті хабарлама алады.

- 5.10. Әрбір сатылған Актив бойынша сауда-саттық нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді, оған Платформада Сатушы мен сауда-саттыққа қатысушылар сауда-саттық өткізілген күні қол қояды.
- 5.11. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама сауда-саттық нәтижелерін тіркейтін құжат болып саналады және Жеңімпаз бен Сатушы арасында мәміле жасасуға негіз болады. Хаттама Сатушы мен Жеңімпаздың қолдары болған жағдайда жарамды болып табылады.
- 5.12. Жеңімпаз Платформада сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы автоматты түрде қалыптастыру арқылы айқындалады, одан кейін Оператор сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді мәртебесімен жариялайды
«Сауда-саттық өтті» мәртебесімен жариялайды және сауда-саттық нәтижелері туралы хаттаманы сауда-саттыққа қатысушыларға жібереді.
- 5.13. Сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда Сатушы өтпеген сауда-саттық туралы актіге қол қояды. Өтпеген сауда-саттық туралы акт Платформада қалыптастырылады, одан кейін Оператор сауда-саттық нәтижелері туралы мәліметтерді «Сауда-саттық өтпеді» мәртебесімен жариялайды және өтпеген сауда-саттық туралы актіні Сатушыға жібереді.
- 5.14. Тікелей атаулы сату Платформада Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Активтерге қатысты өтпеген сауда-саттық туралы 3 (үш) немесе одан да көп акт негізінде жүргізіледі.
- 5.15. Сауда-саттық өтпеген деп танылған жағдайда келесі сауда-саттық бірінші өтпегені туралы актіге қол қойылған күннен бастап кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күннен кейін өткізіледі.
- 5.16. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-18-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген Активтерге қатысты тікелей атаулы сату жүргізілген жағдайда, объектінің бағасы соңғы өтпеген сауда-саттықта белгіленген резервтік бағадан төмен емес деңгейде белгіленеді.

6. Кепілдік жарна

- 6.1. Кепілдік жарна Сатып алушы тарапынан хабарландыруда көрсетілген Оператордың банктік деректемелеріне енгізіледі.
- 6.2. Сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнасы өтінім беру процесінде сауда-саттыққа қатысу кезінде мәлімделген талаптарда сатылатын актив бойынша шарт жасасуды қамтамасыз ету мақсатында сауда-саттық басталғанға дейін 24 (жиырма төрт) сағат бұрын енгізіледі. Кепілдік жарнаның мөлшері Активтің резервтік бағасының 10% (он) пайызын құрайды, бірақ 50 (елу) АЕК-тен кем емес және 30 000 (отыз) мың АЕК-тен аспайды.
- 6.3. Сатып алушы бірнеше сауда-саттыққа қатысуды жоспарлаған жағдайда, әр өтінім бойынша кепілдік жарна енгізуі қажет.
- 6.4. Актив бойынша мәміле қол қойылғаннан кейін Жеңімпаздың кепілдік жарнасы мәміле бойынша міндеттемелерді орындау есебіне есептеледі және Сатушының банктік шотына аударылады.
- 6.5. Жеңімпаз белгіленген мерзімде мәміле шарттарына қол қоюдан бас тартқан жағдайда Сатушы ЭЦҚ пайдалана отырып Платформада қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды, және аталған Актив күші жойылған сауда-саттық талаптарымен қайтадан сауда-саттыққа шығарылады.
- 6.6. Кепілдік жарнаны сауда-саттыққа қатысушыға қайтару Оператор тарапынан сауда-саттық аяқталғаннан кейін Платформада қалыптастырылатын кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімді қатысушы растаған сәттен бастап немесе сауда-саттыққа қатысушының кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінім беруі арқылы бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Кепілдік жарна сауда-саттыққа қатысушыға кепілдік жарнаны қайтару туралы өтінімде көрсетілген банктік шотқа қайтарылады.
- 6.7. Мемлекеттік реттеу туралы Заңның 15-21-бабының 5 және 8-тармақтарында көзделген жағдайлар туындаған кезде, Оператор сауда-саттыққа қатысушылардың енгізген кепілдік жарналарын қайтарады және Сатушы мен қатысушыларды сауда-саттықтың күшін жою және оны жою себептері туралы хабардар етеді.

7. Құпиялылық

7.1. Тараптар Платформа арқылы сауда-саттыққа қатысушыларға ақпаратқа, оның ішінде Активтерге қатысты ақпаратқа қолжетімділік берілетінімен сөзсіз келіседі және Тараптар төмендегіні біледі әрі осы арқылы келіседі:

1) сауда-саттыққа қатысушы Платформамен жұмыс істеу және Қызметтерді алу барысында алған ақпарат құпия сипатқа ие және Актив туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат заңмен қорғалатын құпияны құрайды, сондай-ақ жеке тұлғаларға қатысты дербес деректерді, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, кепіл берушілер, гаранттар, кепілгерлер және т.б. туралы мәліметтерді қамтиды;

2) Тараптардың кез келгенінің Актив туралы алынған ақпаратты (электрондық түрде, ауызша немесе жазбаша) кез келген тұлғаға беруі құпия ақпаратты жария ету фактісі болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

7.2. Платформадағы ақпаратты пайдалану Тараптар тарапынан Активті бағалау/сатып алу/сату мақсаттарына қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

7.3. Тараптар құпиялылықты сақтауға және екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз оның меншігі болып табылатын немесе солай саналатын кез келген ақпаратты үшінші тұлғаларға жария етпеуге және қолжетімді етпеуге міндеттенеді.

7.4. Сауда-саттыққа қатысушылар қолданылатын заңнамада, орталық және атқарушы органдардың, құқық қорғау органдарының немесе соттың талаптарын орындау мақсатында көзделген жағдайларды, не ақпарат жалпыға қолжетімді болған жағдайларды немесе ақпарат иесінің келісімі болған жағдайларды қоспағанда, құпия ақпаратты кез келген тұлғаға жария етпеуге міндеттенеді.

7.5. Құпия ақпаратты жарияламау туралы талапты бұзған Тарап екінші Тарапқа Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген барлық залалды өтеуге міндеттенеді.

8. Айрықша құқықтар

8.1. Платформада қолжетімді барлық объектілер, оның ішінде дизайн элементтері, мәтіндер, графикалық бейнелер, иллюстрациялар, дерекқорлар және өзге де объектілер (бұдан әрі – Платформа мазмұны), сондай-ақ Платформада орналастырылған кез келген контент Оператордың немесе өзге құқық иеленушілердің айрықша құқықтарының объектілері болып табылады.

8.2. Платформа мазмұнын, сондай-ақ Платформаның кез келген өзге элементтерін пайдалану тек Платформа ұсынатын функционал шеңберінде ғана жүзеге асырылады. Платформаның ешбір элементі Оператордың алдын ала рұқсатынсыз өзге түрде пайдаланылуы мүмкін емес. Қолданылатын заңнамада немесе Платформаның нақты функционалын пайдалану шарттарында тікелей көзделген жағдайлар бұған кірмейді.

9. Жауапкершілік

9.1. Тараптар дауларды реттеу үшін барлық қажетті және жеткілікті шараларды қабылдайды, хабарламалар, хаттар және құжаттармен ақылға қонымды мерзімде, бірақ оларды алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде алмасады. Даулар Тараптар тарапынан іскерлік айналымдағы тәжірибе мен әдет-ғұрыптарды ескере отырып, өзара құрмет қағидаттары және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары негізінде қаралады.

9.2. Тараптар Договор бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер мұндай орындамау / тиісінше орындамау Договор бойынша міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер еткен еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауының салдары болса. Бұл ретте еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған Тарап бұл туралы

екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға және еңсерілмейтін күш мән-жайының туындау фактісін растайтын тиісті уәкілетті мемлекеттік органның жазбаша құжатын (актісін)

9.3. Сауда-саттыққа қатысушы өзі орналастыратын хабарландырулардағы мәліметтердің қате немесе шындыққа сәйкес келмеуі үшін дербес жауапты болады.

9.4. Сауда-саттыққа қатысушы Платформа арқылы алынған құпия ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында коммерциялық, қызметтік және өзге де ақпаратты қорғау мәселелерін реттейтін талаптарды бұзу болып табылатынын біледі және мұндай бұзушылық үшін жауапкершілікті өзі көтеретінімен келіседі.

9.5. Оператор сауда-саттыққа қатысушы алдында тек Договор талаптарына сәйкес Платформаның жұмыс істеуі үшін ғана жауапты болады, бұл ретте Оператор тарапынан қандай да бір төлемдер тек Договор талаптарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды күшіне енген сот шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

9.6. Оператор келесі жағдайлар үшін жауап бермейді:

9.6.1. өзіне тікелей байланысты емес себептерге байланысты Қызметтерді алу мүмкін болмауы үшін.

9.6.2. сауда-саттыққа қатысушылардың Платформаны немесе оның жекелеген функционалын пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген шығындары үшін.

9.6.3. Платформада орналастырылатын Активтің сипаттамасы және оның сипаттамалары. Актив туралы мәліметтер Сатушы ұсынған деректерге сәйкес жарияланады және толық жауапкершілік соның мойнында болады. Платформада орналастырылған тауар белгілері тек ақпараттық мақсаттарда пайдаланылады.

9.6.4. Сауда-саттыққа қатысушылар қабылдаған шешімдер нәтижесінде туындаған кез келген залал, зиян немесе шығындар;

9.6.5. Қызметтерді пайдалану кезінде туындайтын, оның ішінде пайдадан айырылу (жоғалған пайда), іскерлік қызметтің үзілуі, іскерлік ақпараттың жоғалуы немесе өзге де шығындар, егер олардың өзгеше екені сот тәртібімен дәлелденбесе.

9.7. Оператор Платформаның қатысушылардың талаптары мен күтілімдеріне сәйкес келетінін/келетінін, сондай-ақ Платформа функционалының үздіксіз, жылдам, сенімді және қателерсіз ұсынылатынын кепілдендірмейді. Оператор Платформа жұмысының техникалық үзілістері кезінде де қоса алғанда, сапалы сервисті қамтамасыз ету мақсатында қажетті шараларды қабылдайды. Барлық туындаған техникалық ақаулар мен жүйелік қателер туралы Қағидаларға сәйкес техникалық қолдау қызметінің электрондық поштасына хабарлануы тиіс.

9.8. Активке қатысты шағымдар бойынша сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы өзара қатынастар олардың арасында дербес реттеледі. Оператор сауда-саттыққа қатысушылар арасында жасалған мәмілелер бойынша олардың міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін жауапты болмайды.

10. Кепілдіктер

10.1. Оператор Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Оператор қызметін жүзеге асыруға арналған рұқсаттарына ие екеніне кепілдік береді.

10.2. Сатушы Активті сатуға, сондай-ақ Активті Платформада тиісті тауар белгілері мен атауларымен орналастыруға барлық қажетті рұқсаттар мен өкілеттіктерге ие екеніне кепілдік береді.

10.3. Сатып алушы Активті сатып алуға барлық қажетті рұқсаттар мен өкілеттіктерге ие екеніне кепілдік береді.

11. Қорытынды ережелер

11.1. Оператор сыйақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері Оператор Қағидаларында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген.

11.2. Договордың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және Платформаны пайдалануына байланысты сауда-саттыққа қатысушылар мен Оператор арасындағы қатынастарға қолданылып, сол заңнамаға сай түсіндіріледі.

11.3. Егер қандай да бір себептермен Договордың бір немесе бірнеше ережелері жарамсыз деп танылса немесе заңдық күші болмаса, бұл Договордың қалған ережелерінің жарамдылығына немесе қолданылуына әсер етпейді.

11.4. Келіссөздер жүргізу мүмкін болмаған немесе даулар, қайшылықтар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешілмеген жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Оператордың орналасқан жері бойынша сотта қаралады.

11.5. Сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы және/немесе Оператор мен сауда-саттыққа қатысушылар арасындағы электрондық хабарламалар алмасу Платформада, тіркеу кезінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайлары арқылы немесе қатысушылардың жеке кабинеті арқылы электрондық хабарламалар жолымен жүзеге асырылады.

Мен Шарт талаптарымен таныстым және оларды өзгеріссіз қабылдаймын.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Мен, ТАӘ _____
ЖСН _____

Мен ТОО «Бірінші кредиттік бюро» БСН 040940002421 (бұдан әрі – Оператор) тарапынан төмендегілерге өз келісімімді беремін:

- менің дербес деректерімді (жалпыға қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі деректерді, тізім бойынша: соның ішінде, бірақ онымен шектелмей ТАӘ, ЖСН, биометриялық деректер, телефон нөмірі, мекенжай және Оператор қызметтерін көрсету үшін қажетті өзге де ақпаратты) жинауға, өңдеуге, беруге, сондай-ақ Оператор қызметтерін көрсету мақсатында менің құжаттарымды суретке түсіруге;
- қажеттілік шеңберінде дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге және таратуға;
- мемлекеттік органдардың дерекқорларынан ағымдағы және кейінгі ақпаратты алуға;
- менің әрекеттерімді растау үшін қосымша құралдарды (SMS және т.б.) қолдануға.

Осы келісім бойынша менің дербес деректерімді трансшекаралық беру қарастырылмайды және менің дербес деректерімді жалпыға қолжетімді дереккөздерде таратуға жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді алу мақсатында Оператор менің сәйкестендіру деректерімді барлық мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдарға жіберуге құқылы.

Келісімнің қолданылу мерзімі – оны кері қайтарып алғанға дейін.

Осы Келісімде көрсетілген барлық мәліметтер мен нұсқаулардың дұрыс толтырылғанын және менің шынайы ерік білдіруімді көрсететінін растаймын.

осы арқылы келісімімді растаймын.